

**Жарма ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 270 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 378 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қарашада № 7752 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 354 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 31.08.2021 № 354 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабының 1, 2 тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі бұйрығының 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарма ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 270 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс

орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 7361 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылдың 18 шілдесінде жарияланған) қаулының қосымшасына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жарма ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Жарма ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Жарма ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жарма ауданы әкімінің орынбасары А.Ибраевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Нургожин

Жарма ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 27 қазаны

№ 378 қаулысына қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі**

| № | Ұйымның атауы                                                                                                                    | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Белгіленген квота мөлшері (%) | Жұмыс орындар саны (бірліктер) |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------|--------------------------------|
| 1 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Жарма технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                          | 94                                  | 1                             | 1                              |
| 2 | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Жаңғызтөбе орта мектеп- бала бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 104                                 | 1                             | 1                              |
| 3 | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "П.Г.Карелин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі         | 102                                 | 1                             | 1                              |
|   |                                                                                                                                  |                                     |                               |                                |

|    |                                                                                                                                        |     |   |   |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---|---|
| 4  | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Т.Көбдіков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                | 71  | 1 | 1 |
| 5  | "Георгиевка сорғы-жабдықтар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                               | 109 | 1 | 1 |
| 6  | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Абай атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі       | 124 | 1 | 1 |
| 7  | Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқарамасының "Жарма орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 411 | 1 | 4 |
| 8  | Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқарамасының "Шар қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны            | 226 | 1 | 2 |
| 9  | Жарма ауданы әкімдігінің "Жарма аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны                                     | 116 | 1 | 1 |
| 10 | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Маяковский атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                | 124 | 1 | 1 |
| 11 | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                | 76  | 1 | 1 |
| 12 | Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы білім бөлімінің "Бақыршық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                           | 96  | 1 | 1 |
| 13 | "AS-INCOME" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                       | 75  | 1 | 1 |